№ исх: 20-8/3426 от: 17.01.2018

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаттарына**
(тізім бойынша)

*2017 жылғы 22 желтоқсандағы № ДС – 316*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша анықталған қаржылық заң бұзушылықтар туралы 2017 жылғы 20 желтоқсанда жария етілген депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бағдарламаны іске асыру барысында қаржылық заң бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан **жұмыс тобы құрылды** *(Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 23 қарашадағы № 390 бұйрығы),* оның құрамына Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Жедел-іздестіру қызметі департаментінің, Бас прокуратураның, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (бұдан әрі – Ұлттық бюро*)* өкілдері кірді.

Осы жұмыс тобы 2017 жылғы 8 желтоқсанда облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарларымен бейнеконференциялық байланыс режимінде кеңес өткізді, онда заң бұзушылық фактілері қаралып, оларды болдырмау бойынша ұсыныстар әзірленді.

Жұмыс тобының мүшелері бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамада қаржылық заң бұзушылықтарға және өзге де сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарға жол берген адамдарды әкімшілік және қылмыстық жазалау мәселелері жетілікті түрде реттелгенін атап өтті.

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтаруда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

17.01.2018 ЕСЭДО ГО (версия 7.22.0) Копия электронного документа.

Сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту орталықтары басшыларының халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүктелген міндеттерді орындау және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін **дербес жауапкершілігі** заңнамада көзделген.

Сонымен қатар, барлық анықталған заң бұзушылықтарға жүргізілген талдау көрсеткендей, олардың туындауының негізгі факторлары адал емес лауазымды адамдардың қасақана және пайдакүнемдік ниеті болып табылады.

Осыған байланысты, жұмыс тобы мынадай:

құқық қорғау, қаржы органдарын, қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, әлеуметтік жұмыс орындарын құруға және жастар практикасын өткізуге арналған шарт жасасқан жұмыс берушілерге тұрақты түрде тексеру жүргізуді ұйымдастыру;

Бағдарламаға қатысушылардың қызмет алу фактісі бойынша оларды дербес салыстырып тексеру (жұмыс берушілерден орындалған жұмыс актісін қабылдау кезінде);

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі өңірлік комиссияларға және тексеру комиссияларына Ұлттық бюро өкілдерін қосу бойынша шараларды көздейтін бірқатар ұсыныстар әзірледі.

Бағдарламаға қатысушылардың, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейтуге бағытталған осы және басқа да ұсыныстар Бағдарлама тетіктерін жетілдіру бойынша жұмыс барысында пысықталады және ескеріледі.

2017 жылғы желтоқсан айында Бағдарламаға мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын (әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы) ұйымдастыру жөніндегі шараларға адал емес жұмыс берушілердің қатысуын шектеуді көздейтін өзгерістер енгізілгенін атап өткен жөн.

Қолданыстағы заңнаманы, сондай-ақ Бағдарламаны жетілдіру бойынша жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **Б. Сағынтаев**

№ исх: 20-8/3426 от: 17.01.2018

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**
(по списку)

*На № ДЗ - 316 от 22 декабря 2017 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос, озвученный 20 декабря 2017 года о финансовых нарушениях, выявленных по Программе развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы (далее – Программа), сообщаем следующее.

Для выработки предложений по профилактике и предотвращению финансовых нарушений, выявленных в ходе реализации Программы, при Министерстве труда и социальной защиты населения **создана рабочая группа** *(Приказ Министра труда и социальной защиты населения № 390 от 23 ноября 2017 года)*, в состав которой вошли представители Департамента оперативно-розыскной деятельности Комитета государственных доходов Министерства финансов, Генеральной прокуратуры, Национального бюро по противодействию коррупции Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции (далее – Нацбюро).

8 декабря 2017 года данной рабочей группой проведено совещание в режиме видеоконференцсвязи с заместителями акимов областей, городов Астана и Алматы, где рассмотрены факты нарушений и выработаны предложения по их недопущению.

Членами рабочей группы отмечается, что на сегодня действующим законодательством достаточно урегулированы вопросы административного и уголовного наказания лиц, допускающих финансовые и иные коррупционные правонарушения.

Также законодательно предусмотрена **персональная ответственность** руководителей центров занятости населения за выполнение возложенных на центры занятости населения задач и осуществление ими своих функций.

Вместе с тем, как показывает анализ выявленных правонарушений, основными факторами их возникновения являются умышленные и корыстные намерения отдельных недобросовестных должностных лиц.

В связи с чем, рабочей группой выработан ряд предложений, предусматривающий меры по:

организации регулярных проверок работодателей, с которыми заключены договора на создание социальных рабочих мест и молодежной практики с

привлечением правоохранительных, финансовых органов, общественных организаций;

персональной сверке участников Программы по факту получения ими услуг (при принятии актов выполненных работ у работодателей);

включению в региональные комиссии по реализации Программы и ревизионные комиссии представителей Нацбюро.

Эти и другие предложения, направленные на усиление ответственности участников Программы, а также работников центров занятости населения, будут доработаны и учтены в ходе работы по совершенствованию механизмов Программы.

Стоит отметить, что в декабре 2017 года внесены изменения в Программу, предусматривающие ограничение участия **недобросовестных** работодателей в мерах по организации субсидируемых государством рабочих мест (социальные рабочие места и молодежная практика).

Работа по совершенствованию действующего законодательства, а также Программы будет продолжена.

**Премьер-Министр**
**Республики Казахстан** **Б. Сагинтаев**